

АҚТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ТҮЛҒА

ДУМА ЖӘНЕ
БАҚЫТЖАН ҚАРАТАЕВ

Тарих ғылымының докторы Мәмбет Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» кітабында («Санат» баспасы, 1995 жыл) былай деп жазады:

«...1907 жылы 16 мамырда депутаттық сұрауға байланысты жарысөзде депутат Б.Қаратаев сөйледі. Ол сөзін қазақ халқы үшін ең зәру іске айналған жер мәселесіне арнады. Бұл сөз іс жүзінде патша үкіметінің қазақ жеріндегі отарлау саясатын жергілікті халықтың атынан өшкерелеу еді. Осы уақытқа дейін тек тар тараптық айқындама тұрғысынан талданып келген Қаратаев сөзінің мынадай маңызды жақтарын бөліп айту қажет. Біріншіден, үкіметтің қазақ жеріндегі отарлау саясаты оның ішкі таптық саясатының логикалық жалғасы. Үкімет «Ресей ішіндегі помещиктер мүддесін, яғни 130000 помещиктің мүддесін қорғау үшін» жерсіз орыс шаруаларына қазақ жерлерін тартып өперіп отыр. Екіншіден, үкіметтің бұл саясаты ашықтанашық ұлы державалық, шовинистік нәгізде жүргізіліп отыр. Соның нәтижесінде жерге орналастыру мекемелері қазақтарды «орныққан орындарына, поселке, деревня құрап отырған үйлерінен жаппай қуып шығумен айналысып отыр». Б.Қаратаев орыс халқының еңбекші бұқарасы мен зиялы қауымын қазақ елінің осындай ауыр жағдайына көңіл аударуға шақырды».

Енді «Жалын» журналында (№1, 1989 жыл) жарияланған осы сөздің толық мәтінін оқиық.

БАҚЫТЖАН ҚАРАТАЕВТЫҢ
1907 ЖЫЛЫ ІІ ДУМАДА
СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

«Қырғыз-қайсақ халқының атынан бұл мінбеден ешкім сөйлеген жоқ, соған қарамастан мемлекетіміздегі шиеленісіп отырған аграрлық мәселені шаруаларды Далалық облыстар террито-

риалы біле де қоймас. Осынау қоныстандыру шаруалардың өздерін де, сонымен бірге қырғыздарды да қатты қыспаққа түсірмей ме, бұл қоныстандыру шет жерлік қырғыздар шаруашылықтарының күйзеліске ұшырау, ыдырауына әкеліп соқпай ма деп ешкім сұраған емес. Жергілікті халықтың мүдделерімен есептеспей келген қоныстандыру қалай дегенмен де әділетсіздік болып табылуға тиіс. Ол қашанда күштің әлсізді қанауы деп қабылданбақ. Сөз жоқ, қырғыздар, яғни қырғыз-қайсақ деп аталатындар, әлі дамудың төменгі сатысында тұрған қауқарсыз халық, сол себепті де олармен ортақ тіл табысуға болады және оларға зорлық көрсетудің ешқандай жөні жоқ. Біз, қырғыз-қайсақтар, Россияда қатты ұшығып отырған аграрлық мәселе шешім шешім қабылдауды талап ететінін терең түсінеміз. Біз шаруа бауырларымыздың жер жетімсіздігінен зардап шегіп отырғанын жанымызбен сезінеміз, егер басы артық басқа жеріміз болса оларды сыйыстырып алуға да даярмыз, біз оң жақ қатарда шаруалардың жерге деген мұқтажын жою үшін олардың иелігі мен пайдалануындағы жер көлемін кеңейту туралы жақ ашпай отырған жолдастарымыздың жолын мүлде қуғымыз келмейді. Ал мәселенің түйіні Далалық облыстар территориясының әлі күнге дейін жаратылыстық-тарихи, шаруашылық-статистикалық тұрғыда жете зерттелмегендігінде. Бүгін біздің жолдасымыз, депутат Темеревенков Азияда ұшы-қиырсыз жер бар, шаруаларды сонда қоныс аудартып, осылайша жер жетімсіздігін жоюға болады дегенді айтты. Шын мәнінде, белгілі ғалым Щербина Далалық облыстардың солтүстік уездерін атап айтқанда, Торғай, Ақмола және Семей облыстарының жері құнарлы уездерін ғана зерттеген бірақ Щербина олардың оңтүстігіндегі уездерін барлай алмады. Егер ауа райы мен топырақ жағдайларының барлығы тұтастай зерттелген болса, онда Далалық облыстардың оңтүстік уездерінде топырақ сорлы, құмды, кеуіп қалған сор

ол туралы біле де қоймас. Осынау қоныстандыру шаруалардың өздерін де, сонымен бірге қырғыздарды да қатты қыспаққа түсірмей ме, бұл қоныстандыру шет жерлік қырғыздар шаруашылықтарының күйзеліске ұшырау, ыдырауына әкеліп соқпай ма деп ешкім сұраған емес. Жергілікті халықтың мүдделерімен есептеспей келген қоныстандыру қалай дегенмен де әділетсіздік болып табылуға тиіс. Ол қашанда күштің әлсізді қанауы деп қабылданбақ. Сөз жоқ, қырғыздар, яғни қырғыз-қайсақ деп аталатындар, әлі дамудың төменгі сатысында тұрған қауқарсыз халық, сол себепті де олармен ортақ тіл табысуға болады және оларға зорлық көрсетудің ешқандай жөні жоқ. Біз, қырғыз-қайсақтар, Россияда қатты ұшығып отырған аграрлық мәселе шешім шешім қабылдауды талап ететінін терең түсінеміз. Біз шаруа бауырларымыздың жер жетімсіздігінен зардап шегіп отырғанын жанымызбен сезінеміз, егер басы артық басқа жеріміз болса оларды сыйыстырып алуға да даярмыз, біз оң жақ қатарда шаруалардың жерге деген мұқтажын жою үшін олардың иелігі мен пайдалануындағы жер көлемін кеңейту туралы жақ ашпай отырған жолдастарымыздың жолын мүлде қуғымыз келмейді. Ал мәселенің түйіні Далалық облыстар территориясының әлі күнге дейін жаратылыстық-тарихи, шаруашылық-статистикалық тұрғыда жете зерттелмегендігінде. Бүгін біздің жолдасымыз, депутат Темеревенков Азияда ұшы-қиырсыз жер бар, шаруаларды сонда қоныс аудартып, осылайша жер жетімсіздігін жоюға болады дегенді айтты. Шын мәнінде, белгілі ғалым Щербина Далалық облыстардың солтүстік уездерін атап айтқанда, Торғай, Ақмола және Семей облыстарының жері құнарлы уездерін ғана зерттеген бірақ Щербина олардың оңтүстігіндегі уездерін барлай алмады. Егер ауа райы мен топырақ жағдайларының барлығы тұтастай зерттелген болса, онда Далалық облыстардың оңтүстік уездерінде топырақ сорлы, құмды, кеуіп қалған сор

мырзалар, қырғыздардың көшпенділері де, отырықшылары да бар. Далалық облыстардың солтүстіктегі құнарлы уездері міне, ондаған жылдардан бері отырықшы қырғыздар жайлап, егін егіп келеді. Олардың кейбіреулері шымнақ енді біреулері кірпіштен, үшіншілері қызыл кірпіштен үй салып алған бір сөзбен айтқанда, олардың өз тұрмыстарына сай тұрғын үй мен қора-қопсылары бар. Осынау отырықшы қырғыздар үшін егін егу — тұрмыс түзеудің ең негізгі көзі, ал олар мал өсірумен де айналысады десек, ол тұрмыс түзеудің қосымша көзі болып табылады. Ал мал шаруашылығы егіншілікке қарағанда анағұрлым аз күш жұмсауды қажет етеді. Міне, отырықшылыққа көшкен бұл қырғыздар осыдан ондаған жылдар бұрын жақсы-жақсы деген жерлерге: суы тұщы көлдердің жағасына, суы тұщы өзендер бойларына орналасып алды. Егіншілік ведомствосы немесе егіншілік пен жерге орналастыру басқармасының әкімдері шаруаларды Далалық облыстарға қоныс аударатырып, іс жүзінде осы қырғыздарды өздері мекендеген жақсы жерлерінің жылы ұяларынан қуып шығумен айналысуда.

Председатель. Шешен мырза, он минут уақытыңыз бітті.

Қаратаев. (Орал облысы). Мырзалар, осыған дейін сіздердің ешқайсыларыңыз Далалық облыстарға қоныс аудару жайы туралы ауыз ашқан жоқсыздар. Бәлкім, Мемлекеттік Дума дархандық танытып, менің сөзімді ақырына дейін тыңдар.

Председатель. Аяқтаңыз онда.

Қаратаев. (Орал облысы). Мырзалар, менің шаруаларды Далалық облыстарға қоныс аударудың жай-күйі жайындағы баяндамамы аяқтауыма мүмкіндігім қалмады, дегенмен менің айтарым — Мемлекеттік Дума өздері Россия ішіндегі помещиктер мүдделерін, осынау 130 000 помещиктің мүддесін қорғау үшін шаруаларды қоныстандыру арқылы қорлап отырған қырғыз-қайсақтардың, әрдайым шаруалардың жерге деген мұқтажын

Ғұмырының соңғы кезеңін Ақтөбеде өткерген, осы Ақтөбеде тұратын немере келіні Бибиәжар Бақытжанованың айтуынша, 30-жылдардың шамасында бауыр-туыстарын жинап алып: «Заман бұзылуға бет алған сыңайлы, сіре, бұл қаладан жан-жаққа пышырай тарағандарың мақұл болар», — деп кеңес айтқан әйгілі қазақ Бақытжан Қаратаев туралы газетіміз өткен жылы да көлемді мақала берген.

Қазір қала сыртындағы қорымдағы бейіті күтімге алынған Бақытжан Қаратаевтың есімі көлеңкеде қала беретінін әуелгіде ашынып айтқан Қазақ ССР Ғылым академиясы Философия және право институтының кіші ғылыми қызметкері Мұстафа Ысмағұлов екен. Ол 1979 жылдың 18 қазанында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне жолдаған хатында. «...Сіздерден өтінерім,

оның революциялық қызметі мен өмірі туралы арнайы талқылау бола қалса, мені де шақырсаңыздар екен. Өйткені, менің қолымда Бақытжан Қаратаев туралы құнды материалдар мен 40-тан астам фотосуреттер жинаулы тұр. «Б.Б.Қаратаевтың қоғамдық саяси көзқарасы» деген тақырыппен жазылған 10 баспа табақ монографиям да дайын», — деп жазыпты. («Жалын» журналы, №1, 1989 жыл). Журналдың сол санында жарияланған хатқа берілген түсініктемеде Мұстафа ақсақалдың 1986 жылы дүниеден өткені айтылады.

Ал 1993 жылы «Ана тілі» баспасынан «Халық перзенті» сериясымен жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың «Бақытжан Қаратаев» атты деректі кітабы жарық көрді. Бұл кітап «Көтеріліс физиологиясы. 1916», «Ел айрылған. 1917-1918», «Ұлттық ымыра. 1919» атты үш бөлім мен «Бірегей тұлға» деп аталатын соңғы сөзден тұрады. Тарихшы ғалымдар мен жазушылардың көптеген еңбектерінен XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі әйгілі қоғам қайраткері, демократ, қазақ халқының арасынан шыққан тұңғыш заңгерлердің бірі Бақытжан Қаратаев туралы деректерді жиі кездестіруге болады.

Мысалы, жазушы Ғалым Ахмедов «Алаш «Алаш» болғанда» атты кітабындағы («Жалын» баспасы, 1996 жыл) «XIX ғасырда оқығандар» деген тарауда былай дейді: «...Б. Қаратаев Бақытжан Басағалиұлы (1860-1934) — Оралдан СПб (Санкт-Петербург) университетінің заң факультетін 1890 жылы алтын медальмен бітірген, Петербургте, Кутаисиде, Оралда заң қызметінде болған, ІІ Мемлекет Думасына Орал облысынан депутат болып сайланған, оның жұмысына қазақ халқының жоғын жоқтап қызу араласқан. Жер және дін мәселелері жайында жоғары ұлықтарға берген арызы (оған бір топ ел адамдары қол қойған) Орал қаласында К.М.Тұхфатуллин баспасында жеке кітапша болып басылып шыққан. Б.Қаратаев ертеректе кадет партиясына мүше болған, бірақ одан өзі шығып қалған «Алаш» партиясы бұшыларымен бұрыннан аралары жақсы болмағандықтан, оған араласпаған. 1917 жылы коммунистер партиясына кіріп, азамат соғысына қызылдар жағында араласқан. Оралда кеңес өкіметін орнату жұмысына белсене араласқан. Жиырмамыншы жылдары Ақтөбеде адвокат болып, ірі процестерге қатысып жүрді». Жазушы Хамза Есенжановтың әйгілі «Ақ Жайық» трилогиясының үшінші кітабы — «Тар кезең» Әбілқайыр ханның ұлы Нұралы ханның баласы Қаратай ханның бел немересі сұлтан Бақытжан Қаратаевтың Оралда ақ казактар түрмесінде жатқан кезеңін суреттеумен басталады.

Әйтсе де сол Қаратаевтың бертінге дейін өзі «орнатысқан кеңес өкіметінен» жылы шырай таппай келгені несі? Мәселе, ең әуелі, оның Ресей ІІІ Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланғанында жатқаны анық еді. Себебі, Б.Қаратаев өмірбаянындағы ең елеулі оқиғалардың бірі — осы. Сол кездегі І, ІІ Мемлекеттік Думаға күні кешеге дейін есімдері қара құлыпқа салынып келген аяулы тұлғалар (Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышбаев, Ахмет Бірімжанов, т.б.) депутат болғанын ескерсек, кеңестік саясаттың Думаға аяқ басқандардың барлығына да кір жақпай қалмайтыны мәлім еді ғой. Ендеше кейін Коммунистік партияға кірсе де Бақытжан Қаратаев кеңестік үкімет үшін бәрібір сол «думашылардың» бірі болғаны даусыз.

СӨЗДІН



Б.Қаратаев отбасымен. Кутаиси. 1890 жылдар.

риясына, атап айтқанда, Орал Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының территориясына қоныс аудару арқылы шешкісі келетіндер бар. Әсіресе оң жақ қатарда отырған ағайындарымыз аграрлық дағдарысты шаруаларды Орта Азияға көшірту жолымен жоюға күштар. Олардың көзқарастарын парламентарие егіншілік пен жерге орналастыру ісінің бас басқарушысы князь Васильчиков, сондай-ақ Министрлер Советінің председателі Столыпин таратып отыр. Алайда осы уақытқа дейін Мемлекеттік Дума делегаттарының бірде-бірі дәл қазір азиялық облыстар ішінде шаруаларды қоныстандыратын басы артық жер бар ма, басымызды қатыра-қатыра шаруаларды қоныс аударуға тәуекел ете алатындай Далалық облыстардың барлық бөліктері жаратылыстық-тарихи, шаруашылық-статистика, топырағы мен ауа райы жағдайлары тұрғысынан зерттеліп болды ма деп сұраған жоқ,

дала болғандықтан басы артық жердің өте аз екені жайында ешқандай күмәнсіз қорытынды жасаған болар едік. Міне, осындай жерлерге қоныс аудару қауіпті. Бүгінде Россиядағы аграрлық мәселенің қиындығына орай егіншілік пен жерге орналастыру ведомствосы қазірдің өзінде ол жақтарға шаруаларды көшіріп, оларды Далалық облыстарға еліктері шақыруымен қатар, қырғыздарды орныққан орындарына, поселке, деревня құрап отырған үйлерінен жаппай қуып шығумен айналысып отыр, көріп тұрсыздар қоныс аудару бүгінде топырағы құнарлы уездерді жайлаған, яғни отырықшылыққа көңіл бұрып, егін салумен айналысып жатқан қырғыз-қайсақ халқының ығыстырумен халықты өздері тұрған үйлері мен деревняларынан қуып шығумен қосарлана жүріп жатыр. Мен мұны ресми деректермен дәлелдей аламын. Осы кезге дейін бәрі, қырғыздар көшіп-қонып жүреді-міс деген түсінікке келеді. Жоқ,

қанағаттандыру мақсатымен жеке иеліктегі жерлерді күштеп тартып алу ниетіндегі барлық оппозициялық фракцияларға анышпен қарайтынын есте ұстайтын болсың. Дегенмен бүгінгі таңда шаруаларға орын босату үшін өлгі помещиктерді аман алып қалу үшін қырғыздарды жерінен ғана емес, тұрған үйінен қуып шығып жатқанын түсініздер. Орыстың еңбекші бұқарасы мен зиялылар қауымы жерімен қоса үйінің қора-қопсысынан қуылып жатқан сорлы қырғыз-қайсақтардың мұңына құлақ асады деп сенемін. Менің қолымда мұны дәлелдейтін қыруар деректер тұр, өкінішке орай, сөзімді аяқтай алмадым».

... Думадағы һәм Думадан тыс «зиялы қауымның» мұндай пікірге қалай қарайтыны белгілі ғой. Одан арысы тарихшы М.Қойгелдиев жазғандай болды...

«...Солшыл депутаттардың үкіметтің аграрлық және отаршыл саясатын сы-

ТҮЛҒА

нау мінбесіне айналған Дума патша мен оның төңірегіндегілерге ұнай қоймағаны түсінікті. Үкімет 1907 жылғы 3 маусым күні шығарған заңымен ІІ Мемлекеттік Думаны таратып жіберді».

В.И.ЛЕНИН ЖӘНЕ БАҚЫТЖАН ҚАРАТАЕВ

Мұстафа Ысмағұловтың Бақытжан Қаратаев туралы мәселе көтерген кезеңі (1979 жыл) революция кәсемі В.И.Лениннің ешбір сөзінде «шқандай қателік болмайтындығы біржола бекіген заңдылыққа айналған шақ екенін ұмытпайық. Ал сол Ленин құрған жаңа үкімет патша заманындағы империялық пиғылдан еш ауытқыған емес, тәбеті тым ашыла түскенін дәлелдейтін мысалдар тым көп. Бұл — басқа әңгіменің еңшісі. Ал 1907 жылға оралсақ, әу бастан империя кәсемі болуға ықыластанған Владимир Ильичке «қырғыз-қайсақ» Бақытжан Қаратаевтың әлгі ұлт мүддесін жоқтаған лебізі ұнай қоймағаны анық. Бертіңдегі «ләлпай тақсыршыл» тарихшылар (бұларды өкпеге қию да қиын) сол тұсты қапысыз таныған. Бұдан әрі тағы да Мұстафа Ысмағұловтың мақала-хатына кезек берейік.

«...В.И.Ленин «Біріншіге қарағанда ІІ Дума солырақ» деп атап көрсеткен Мемлекеттік Думада Бақытжан Қаратаев көрнекті юрист-аграрниктердің қатарында аграрлық комиссияның мүшесіне енді.

ІІ Думаның жер мәселесі талқыланған пленарлық мәжілісінде Бақытжан Қаратаев сөз сөйлеп, патша үкіметінің аграрлық саясатын қатты сыға алды.

«Социал-демократиялық партияның 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбегінде В.И.Ленин: «Екінші қатардағы шешендердің бәрінен цитат келтірудің мүмкіндігі және қажеті жоқ, сондықтан біз олардың неңдей бір жаңалық енгізгендерін ғана немесе мәселенің белгілі бір жағына назар ауда-


шындықпен санасуға міндеттіміз. Оның ІІ Думадағы сөзінің таптық мәніне баса назар аударуымыз қажет. Біздің ғалымдарымыз Б.Қаратаевтан қалған творчестволық мұраны жан-жақты асықпай зерттеуге келгенде құлықсыздық танытады. Осының салдарынан ірі қоғамдық қайраткерлеріміздің революциялық-демократиялық, қоғамдық-саяси қызметі аяусыз бұрмалануда.

Айтқан ой-пікірлерім дәлелді болу үшін ғалым Б.Сүлейменовтің 1963 жылы жарық көрген «Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX — начала XX вв» деген монографиялық еңбегінің 112-113 беттерінен мысал келтіре кетейін. Автор былай дейді: «В.И.Ленин подверг критике выступление некоторых представителей национальных меньшинств, в том числе депутата от Уральской области Б.Б.Каратаева». Міне, құрметті ғалымымыз Б.Сүлейменов одан әріге бармайды. Тіпті ол Бақытжан Қаратаев өз сөзінде патша үкіметінің үлкен тірегі, дәлірек айтқанда, 130 мың помещикті қатты сыға алғанын есіне де алғысы келмейді. Ғалымның бар бітіргені Б.Б.Қаратаевтың сөзінен Ленин келтірген үзінділерді сол күйі көшіріп шыққаны ғана.

Сонда қалай, Ленин аграрлық мәселе турғысынан сыға алған (Б.Сүлейменовтің айтуы бойынша) аз ұлттар өкілдерінің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени даму деңгейлері әр түрлі бола тұра олардың мұң-мұқтаждары, талап-тілектері, көзқарасы және сенімдері бірдей болғаны ма деген заңды сұрақ туады. Ол кезде аграрлық проблема тек аз ұлттардың ғана басындағы қайғы емес, басқа халықтардың да ең өзекті мәселелері болатын. Ал В.И.Ленин ұлттарға қатысты аграрлық күрделі мәселені жан-жақты талдап зерттегені белгілі. Ол өзінің «Партия проблемасын қайта құру жөнінде» деген еңбегінде «...Барлық халықтар дүниежүзілік шаруашылыққа біркелкі тартылып отырған сияқты. Нақ осы «дүниежүзілік шаруашылыққа тартылу» негізінде, «цивилизациялық» ха-

никогда не переступали границ октябристско-кадетской лояльности и в программах многих буржуазных националистических партии проповедь ярого национализма, разбойничья политика в области землепользования вполне уживались с верноподданческими чувствами к самодержавию». (С.Бейсембаев. «Ленин и Казахстан», 1968 г. стр. 67).

Академик С.Бейсембаевтың Б.Қаратаев сияқты бар ғұмырын халқының сәулелі болашағына арнаған аяулы азаматтың революциялық қыруар еңбегіне мән бермес-



тен бірер факт төңірегінде кейінгі ұрпаққа жалған түсінік беруден тапқан пайдасы кәне! Тарихымызды бұрмалап, ірі тұлғаларымызға өз қолымызбен көлеңке түсіруден ғылымның көсегесі көгермейтінін неге ойламаймыз.

Жалынды революционер, ғалым, тарихшы, журналист Бақытжан Қаратаев, 1934 жылы 26 августа 74 жасқа қараған шағында дүние салды.

...Кеңестік насихат қазақ жерлерін отарлау саясатына қарсы, сол замандағы империялық

Зейнеп Бақытжанқызы Қаратаева әлденеше мәрте мәселе көтерген болатын. Зейнеп апайдың сондай өтініштерінің бірі республикамыздың ең жоғарғы санаттағы өкімет органында қалай қаралғанына осы жолдар авторы куә болған еді. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының тапсыруына орай хатты тексеріп, 1986 жылғы 16 сәуірде қайтарған №86 жауабында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты былай дейді:

«Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің тапсыруымен Партия тарихы институты Б.Б.Қаратаевтың қызының арыздарын талдаумен әлденеше рет шұғылданды...

Қаратаев Б.Б. Қазақстанның Октябрь кезеңіне дейінгі феодал-бай интеллигенттері лидерінің бірі, кадет партиясының мүшесі болған. 1905 жылғы шілдеде қазақ бай-феодалдары мен кадеттерінің делегациясын басқарып, ІІ Николай патшаның мұрагерінің тууымен құттықтауға барды. Қабылдау кезінде патшамен бірге суретке түсті...

Аграрлық мәселеде царизмнің отарлау саясатын қуаттады...

1918 жылғы 29 наурыздағы ақ қазақтар төңкерісі кезінде атқару комитетінің басқа мүшелерімен бірге тұтқындалып, 1919 жылғы қаңтарға дейін түрмеде болды. Тұтқынға алынғандардың көпшілігі атылып кетті, бірақ ол тірі қалды...

Қаратаев Б.Б. совет құрылысына қатысса да, Коммунистік партияның мүшесі болса да, бұрынғы өткен жолы оның идеялық позициясына елеулі әсер етті. Мәселен, ол өз маңына күдікті, Совет өкіметіне жағынып, жабылып жүрген феодал-бай элементтерін топтастырды...

Архивте бар құжаттар Б.Б.Қаратаевтың күрделі де қайшылығы мол өмір жолынан өткенін куәландырады. Совет өкіметін мойындап, РКП (б) қатарына өте тұрып, ол Коммунистік партия саясатының дұрыстығына шүбә келтірумен болды, екі жүзді позиция ұстағаны да сирек емес. Оның совет құрылысына қатысуы екі жылдай ғана уақытқа созылды. Сосын ол мемлекет мекемелерінде жұмыс істеуден қол үзіп, жеке адвокатурамен шұғылданды, бұрынғы үстем тап өкілдерімен байланыс жасап тұрды, топтық күрестер мен өсектерге қатысты. Ақыры Б.Б.Қаратаевтың өзі Коммунистік партиямен байланысын толық үзді.

Институт директоры, КСРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Б.Төлепбаев.

Лауазымы биік кейбір ғалымдарымыздың көзқарасы осындай. Уақыт, дәуір өзгерістері оларды сілкіңтер, ғылымды әділдік пен шындыққа сүйеніп жасауға бейімдер деп сенім білдіру — парызымыз. Шыншыл тарих ғылымы Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев сынды ірі тарихи тұлғаның болашақ ұрпақ тәрбиесіне зор пайдасы тиерін мұқият ескеруге тиіс.

СОҢҚЫ

рарлық түсінік бергендерін ғана көрсетіп отырмыз», — (В.И.Ленин Т.Ш.Ж. 16 т. 373-бет) дей келіп, өзі айтып отырған шешендердің қатарында Б.Қаратаевты атап өтіп, «ұлт өкілдерінің» атынан сөйлеген сөзінің ішінен ең маңызды тұстарынан мысал келтіреді.

В.И.Ленин аталған еңбегінде былай дейді: «Қырғыз-қайсақ халқының атынан ІІ Думада депутат Қаратаев (Орал облысынан) сөйледі: «біз қырғыз-қайсақтар... біздің шаруа бауырларымыздың жерге мұқтаждығын жақсы түсінеміз және сеземіз, біз ризашылығымызбен ығысып орын беруге әзірміз» (39-мәжіліс, 673-б), бірақ «басы артық жерлер өте аз», ал «қоныстандыру қазіргі кезде қырғыз-қайсақ халқын көшіріп жіберілумен қат-қабат жүргізіліп жатыр...» «Қырғыздарды жерлерінен емес, олардың тұрғын үйлерінен көшіріп жатыр (675) ...Қырғыз-қайсақтар әрқашан оппозициялық фракциялардың бәріне іш тартып отырады» (675) (В.И.Ленин Т.Ш.Ж. 419-б. Алматы, 1976 ж).

Байқап отырсыздар, В.И.Ленин Б.Қаратаевтың сөзінің ең маңызды тұстарын теріп айтыпты. Демек В.И.Лениннің бұл сөзге әдейі тоқталуы кездейсоқтық па? Жоқ. Өйткені Б.Қаратаев өз сөзінде патша үкіметінің аграрлық саясатын сынай келіп, қазақтың жер жағдайына байланысты маңызды дәлелдер келтіреді. Мысалы, ол ІІ Думада сөйлеген сөзінде бұның бәрі «Ішкі Россиядағы 130 000 помещиктің жағдайын ойлағандықтан»... және «солардың жанын сақтап қалу үшін» жасалып отырған қулық екенін айта келіп «...Орыстың қарапайым еңбекшілері мен интеллигенциясы бақытсыз қырғыз-қайсақтарды жәбірлеп жатқандарға қарсы шығып, қамқор қол ұштарын беретініне сенемін» деген еді. Интернационалист Б.Қаратаевтың осы тарихи тамаша сөзін біздің кейбір ғалымдарымыз бұрмалап, басқа мағына беруге тырысады. Мен мұндай тұжырымдарға үзіді-кесіді қарсымын. Егер кейбір тарихшылар менің «бүіректен сирақ шығарғаныма» танданар болса оларға былай дер едім: Бақытжан Қаратаев сол кездегі қазақ интеллигенттерінің ішіндегі үлкен тұлға! Владимир Ильич Лениннің өзі оның сөзіне ден қойып, цитата келтірген Олай болса, бұл тарихи

лықтар мен цивилизациясы жоқ халықтардың арасында кіріптарлық қатынастар болып отырмаған сияқты», — деп (В.И.Ленин Т.Ш.Ж. 34 т. 400-бет) жазды. Міне, осы лениндік тұрғыдан келгенде халық үшін Б.Қаратаевтың қаншалықты қызмет істегені айқындала түседі.

Меніңше, Бақытжан Бисәліұлы Қаратаевтың 1905-1907 жылдар аралығындағы бірінші орыс революциясы мен 1917 жылғы буржуазиялық демократиялық февраль революциясы кезеңдерінде қоғам қайраткері ретінде не тындырғаны мұқият зерттеліп, өз бағасын алуға тиіс. Ал Б.Сүлейменов сияқты ғалымдар құсап Ленин аз ұлт өкілдерінің қатарында Б.Қаратаевты да сынап кетті деген тұжырымынан танбасақ, оның өмір жолын, революциялық қызметін, еңбектерін зерттеуге ешбір жас ғалымның батылы жете қоймайды.

...Жасының ұлғайғанына, денсаулығының нашарлығына қарамастан Бақытжан Қаратаев ел басына түскен нәубет — 1932 жылғы ашаршылыққа қарсы қолынан келген көмегін аямады. Мысалы, ол 1932 жылы көктемде Ақтөбеге арнайы келіп, аш-жалаңаш халықты жинап, митинг өткізіп, мінбеде сөйлеп тұрған Ф.И.Голощекинге жақын келіп: «Разве большевики боролись за то, чтобы люди гибли как мухи от голода? Прекратите болтать!» — деп арбаның үстінде отырып айқап салады. Сақал шашы аппақ құдай кәрі революционердің қаһарына шыдамаған Ф.И.Голощекин одан әрі сөйлей беруге дәті бармай мінбеде түсіп, вокзалда тұрған арнаулы вагонына кетіп қалғанын куә болған ақтөбелік көне көз қариялардың аузынан естігенмін.

Мақаланың соңында тарихшыларымыздың бірі академик С.Бейсембаевтың «Ленин және Қазақстан» деген кітабындағы Б.Қаратаевтың ІІ Думада сөйлеген сөзіне байланысты айтқан пікірінен үзінді келтіре кеткім келеді: «...выступление султана Б.Каратаева, выразителя интересов феодално-байской верхушки, вполне естественно. Дело в том, что представители национальной буржуазии, допущенные царем в Думу,

үлкен мінбеден Бақытжан Қаратаев ашына айтқан зар-мұңды осылайша жоққа шығарды. Солай болуға тиіс те еді. Патша үкіметі жүзеге асыра алмаған қалған шаруаны өз тұсында Хрущевтың жерлерді игеру саясатымен толық тиянақтақойған болатын.

КОМПАРТИЯ ЖӘНЕ БАҚЫТЖАН ҚАРАТАЕВ

Коммунистік партияның кешірімі аз, кегі мәңгілік екенін сол заманда әлдеқалай табаны тайғанағандар жақсы біледі. Бақытжан Қаратаев та сол тізімге іліккендердің бірі еді. Ірі қайраткердің бір кінәсі әлгі ІІ Думада қазақ даласын қызғыштай қорып сөйлеген сөзі дейік. Ал екінші кінәсі... Жазушы Бейбіт Қойшыбаев жоғарыда аталған кітабында мынадай фактіні тірілтеді.

«...Қарт қайраткердің азамат соғысында сіңірген еңбектері мен Қазақ революциялық комитетінің мүшесі ретіндегі қызметін академик Салық Зиманов өз кітаптарында тиянақты саралап талдаған. Қаратаев халқына пайдалы болу орайында адал еңбек еткен партия мүшесі болды, тек кейінірек, 1927 жылы, әлде большевиктер ісіне көңілі толмағанынан ба, әлде некрологында көрсетілгендей, жасы ұлғайып, белсенді жұмысқа араласа алмаймын деп есептегенінен бе, партия қатарынан шығып кетті».

Коммунистік партияның Қаратаевқа қаны қататын тұстың бірі, сірә, осы. Тағы да Бейбіт Қойшыбаевтың кітабына үңілейік:

«...Бақытжан Бисәліұлы Қаратаев — қазақ тарихындағы ірі тұлғалардың бірі. Алайда оның есімі мен қызметі өлі де үкімет тарапынан лайықты бағасын ала қойған жоқ.

Ұзақ жылдарға созылған тарих ғылымындағы бұрмалаулар тек кейінгі кездері ғана түзетіле бастады.

Әкесінің революциялық қызметін жұртшылыққа бұрынғы партия тарихы институтының ғалымдары қате түсіндіріп жүргені жайында кезінде



Бақытжан Қаратаевтың бейіті.

P.S. Біз Бақытжан Қаратаевтың халқына сіңірген зор еңбектерін түгел қамтуды мақсат тұтпадық. Жоғарыда аталған кітаптар мен мерзімді баспасөзде әр жылдары жарияланған мақалаларда бұл тұстар толық қамтылған. Біздің көңілімізді оятқан ой кеңестік саясаттың ұлт мүддесін терең сезінген тұлғаларды ел санасынан өшірудің талай қитұрқыларын ойлап тапқандығын тағы да бір мысалмен еске салу ғана еді.

Ертай АШЫҚБАЕВ.